"Қазақстан Республикасында дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 730 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі № 691 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 қыркүйекте № 36861 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасында дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 730 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35161 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларында:

2-тармақ:

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) жеке басты верификациялау – жеке тұлғаның қол саусақтарының және (немесе) алақандарының папиллярлық бедерлерінің оның дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкес келуін тексеру арқылы жеке басты растау;";

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) материалдық жеткізгіштер – дактилоскопиялық немесе геномдық ақпараты бар дактилоскопиялық немесе ақпараттық карталар, магниттік, электрондық немесе өзге де жазба түрлерін жеткізгіштер;";

5, 6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелері:

1) өздерінің келісімімен Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын алғаш алу үшін, сондай-ақ оларды қалпына келтіру не ауыстыру үшін жүгінген Қазақстан Республикасы азаматтарының;

2) Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алу үшін осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен жүгінген кезде он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалардың;

3) мыналардың:

Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат алу үшін жүгінген;

мыналарды:

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын;

азаматтығы жоқ адамның куәлігін;

босқын куәлігін;

жол жүру құжатын алғаш ресімдеген, сондай-ақ қалпына келтірген, ауыстырған жағдайларда он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинауды және дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты верификациялау рәсімін өткізуді жүзеге асырады.

6. Сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы азаматының паспорты Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде өздерінің келісімімен ресімделген кезде Қазақстан Республикасы азаматының, сондай-ақ осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалардың дактилоскопиялық ақпаратын жинауды және дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басты верификациялау рәсімінен өткізуді жүзеге асырады.

7. Сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ішкі істер органдары өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеген кезде он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинауды және дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басты верификациялау рәсімінен өткізуді жүзеге асырады.

8. Ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары өз құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберілетін не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттар қолданылатын, он алты жасқа толған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинауды және дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басты верификациялау рәсімінен өткізуді жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Жеке басты верификациялау рәсімінен өткізу жеке тұлға қолдарының саусақтары және (немесе) алақандарының папиллярлық бедерлерін оның жеке басын куәландыратын құжатта не "ЖБС" ААЖ-дың дерекқорында орналасқан

дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкестікке тексеру арқылы жеке басты растауды қамтиды.";

11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алу үшін өтініш жасаған кезде он екі жастан он алты жасқа дейінгі балалардан дактилоскопиялық ақпаратты жинау және дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басты верификациялау рәсімінен өткізу олардың келісімімен және жеке басын куәландыратын құжат және заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде баланың заңды өкілінің қатысуымен және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жасалған жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.

12. Сот әрекетке қабілетсіз деп анықтаған, дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамнан дактилоскопиялық ақпаратты жинау және дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басты верификациялау рәсімінен өткізу жеке басын куәландыратын құжат және қорғаншысының өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде оның қорғаншысының қатысуымен және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жасалған жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

13. Адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинау және дактилоскопиялық ақпараты бойынша жеке басты верификациялау рәсімінен өткізу ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелерінде, оның ішінде халықты құжаттандыруды тіркеу пункттерінде, ұлттық қауіпсіздік органдарында, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағындағы дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетімен жүріп-тұру қабілетінен айырылуға әкеп соққан ағза функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулығының нашарлауына байланысты жеке келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, қызметкер оның тұрғылықты жеріне бара отырып, дактилоскопиялық ақпаратты жинауды жүзеге асырады.

14. Жеке басты куәландыратын құжаттарды ресімдеген кезде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық жеткізгіш мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) туған күні мен жері;

3) жынысы;

4) қай ұлтқа жататыны (иесінің қалауы бойынша);

5) азаматтығы;

6) фотосуреті;

7) қолының он саусағының папиллярлық бедері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпарат;

8) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі;

9) құжатты берген органның атауы;

10) құжат иесінің қолтаңбасы;

11) жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);

12) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізі;

13) дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе).

15. Қазақстан Республикасының визасын ресімдеген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық жеткізгіш мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) туған күні;

3) жынысы;

4) қолының он саусағының папиллярлық бедері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпарат;

5) азаматтығы;

6) фотосуреті;

7) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі;

8) жеке басты куәландыратын құжатты берген органның атауы;

9) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізі;

10) визаның берілген күні, қолданылу мерзімі;

11) виза берген органның атауы;

12) дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе).

16. Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсатты рәсімдеу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық жеткізгіш мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) туған күні;

3) жынысы;

4) екі қолының он саусағының және алақанының папиллярлық бедері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпарат;

5) азаматтығы;

6) фотосуреті;

7) шетелде тұрақты тұратын жерінің мекенжайы;

8) Қазақстан Республикасында уақытша тұратын мекенжайы;

9) қабылдайтын тараптың мекенжайы;

10) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі;

11) жеке басты куәландыратын құжатты берген органның атауы;

12) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізі;

13) дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе).

17. Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберілетін не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық жеткізгіш мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) туған күні;

3) жынысы;

4) екі қолының он саусағының және алақанының папиллярлық бедері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпарат;

5) азаматтығы;

6) фотосуреті;

7) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі;

8) жеке басты куәландыратын құжатты берген органның атауы;

9) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізі;

10) дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырған адамның аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегі;

11) Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберілген күн мен негіздері (заңды күшіне енген сот үкімі немесе шешімі);

12) өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына кіруге сот тыйым салған күн.

18. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат ресімдеу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық жеткізгіш мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) туған күні;

3) жынысы;

4) қолының он саусағының және алақанының папиллярлық бедері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпарат;

5) азаматтығы;

6) фотосуреті;

7) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі, күні, қолданылу мерзімі;

8) жеке басты куәландыратын құжатты берген органның атауы;

9) дактилоскопиялық тіркеу жүргізілген күн мен негізі;

10) дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

11) виза, уақытша тұруға рұқсат берілген күні, қолданылу мерзімі;

12) тұрақты тұру жоспарланып отырған жердің мекенжайы;

13) тұрақты тұруға өтінішхатты қараған органның атауы.";

20-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматы бұған дейін дактилоскопиялық тіркеуден өткен жағдайда және белгі бар болса, қызметкер заңнамада белгіленген тәртіппен " ЖБС" ААЖ арқылы жеке басты верификациялауды жүргізеді.";

21-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Белгі бар болса, қызметкер шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды жеке басты верификациялауды "ЖБС" ААЖ арқылы заңнамада белгіленген тәртіпте жүргізеді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бұрын дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар жеке басты верификациялау рәсімінен өтеді.

Дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды жеке басты верификациялау дактилоскопиялық сканердің төсеніш шынысына оң және сол қолдың төрт саусағын (сұқ, ортаңғы, атаусыз саусақ пен шынашақты) бір уақытта, содан кейін бас бармақтарын кезекпен қою арқылы бояу жақпайтын әдіспен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қолдарының саусақтарының папиллярлық бедерлері жеке басты куәландыратын құжатта орналастырылған не "ЖБС" ААЖ дерекқоры бойынша олардың дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар құжаттандырудың одан кейінгі рәсімінен өтеді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қолдарының саусақтарының папиллярлық бедерлері жеке басты куәландыратын құжатта орналастырылған не "ЖБС" ААЖ дерекқоры бойынша олардың дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкес келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар осы Қағидалардың 133, 134 және 135-тармақтарында көзделген тексеру іс-шаралары жүргізілгеннен кейін осы Қағидалардың 30-тармағының 2) тармақшасына және 31-тармағына сәйкес қайта дактилоскопиялаудан өтеді.";

32-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Дактилоскопиялау немесе жеке басты верификациялау алдында тіркелетін адамның қолында ашық жараның бар-жоғы және қолдарының тазалығы қаралады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Он екі жасқа толмаған балалар:

1) дактилоскопиялық тіркеуден;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімдерінен өтуден босатылады.

Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу кезінде дактилоскопиялық тіркеуден өтуден өзаралық қағидатына сүйене отырып, мыналар босатылады:

1) шет мемлекеттердің, үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың дипломаттық мәртебеге теңестірілген басшылары және олардың отбасы мүшелері;

2) шет мемлекеттер парламенттерінің, үкіметтерінің, халықаралық ұйымдардың дипломаттық мәртебеге теңестірілген мүшелері және олардың отбасы мүшелері – дипломаттық паспорттардың иелері, сондай-ақ ресми шетелдік делегациялардың мүшелері және оларды ертіп жүретін адамдар – дипломаттық паспорттардың иелері;

3) Қазақстан Республикасының құрметті консулдары және олардың отбасы мүшелері;

4) дипломаттық паспорттардың, сондай-ақ халықаралық ұйымдар паспорттарының Қазақстан Республикасына қызметтік істер бойынша жіберілетін дипломаттық агенттерге теңестірілген мәртебесі бар иелері;

5) дипломатиялық поштаны тасымалдайтын дипломаттық курьерлер – курьерлік парағы болған кезде дипломаттық паспорттардың иелері;

6) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының, арнаулы мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде мыналар дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімінен босатылады:

1) дипломаттық паспорттардың иелері;

2) дипломатиялық және қызметтік визалардың иегерлері;

3) арнаулы мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша жолданымы бойынша шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

4) дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтары.

Дактилоскопиялауға мүмкіндігі жоқ адамдар жеке басты куәландыратын құжаттарды ресімдеу кезінде дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы негізінде міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатылады. Дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатуға негіз болатын аурулардың тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 15 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34307 болып тіркелген).

Егер адамның екі қолының барлық саусағы немесе қолбасы болмаса, ол:

1) дактилоскопиялық тіркеуден өтуден;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын растау рәсімінен босатылады.

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын, екі қолының барлық саусағы жоқ немесе екі қолының барлық саусағының тырнақ фалангаларында папиллярлық бедерлер жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар қолдарының алақандары бойынша дактилоскопиялық тіркелуге жатады.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Қазақстан Республикасы азаматының дактилоскопиялық ақпаратын сақтау сот оны хабар-ошарсыз кеткен деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған немесе шыққан жағдайларда, ол жүз жасқа толған күнге дейін жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 51-1-тармақпен толықтырылсын:

"51-1. Жеке басты верификациялау дактилоскопиялық сканер, тиісті құрал-жабдық және биометриялық құжаттардан дактилоскопиялық ақпаратты оқу үшін қолжетімділік не "ЖБС" ААЖ дерекқорында нақты адамның дактилоскопиялық ақпараты болған кезде жүзеге асырылады.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімі арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін адамдарды есепке алу және бақылау үшін дактилоскопиялық тіркеуден өткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын пайдалану Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қбпү бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын растау рәсімін жүзеге асыру және осы адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20115 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.";

63-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сотталғанның немесе хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалына ақпараттық картаны толтыруды;";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Сотталған адамдардың биологиялық материалын алуды жүзеге асыратын қызметкер осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сотталғанның немесе хабар-ошарсыз

кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалына ақпараттық картаны толтырады, оны өзінің қолтаңбасымен растайды.";

77, 78, 79, 80 және 81-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Анықтау, тергеу органдары хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарынан геномдық тіркеу үшін биологиялық материалды алуды олардың жазбаша өтініші негізінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.

78. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының биологиялық материалын алу туыстық дәрежесіне байланысты жүзеге асырылады. Бірінші кезекте тікелей қандас туыстарынан: биологиялық ата-анасынан (ата-анасының бірінен) және (немесе) балаларынан (баласынан), ал олар болмаған кезде анасының жағынан қандас туыстарынан, әкесінің жағындағы ер адамдардан, туған аға-інілері мен қарындастарынан, апа-сіңлілерінен алынады.

79. Хабар-ошарсыз кеткен адамның биологиялық туысы болып табылатын кәмелетке толмаған адамнан биологиялық материал алу оның келісімімен және заңды өкілінің қатысуымен және оның жеке басын куәландыратын құжатты және заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жасалған геномдық тіркеуден өтуге жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

80. Хабар-ошарсыз кеткен адамның биологиялық туысы болып табылатын және сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылған адамнан биологиялық материалды алу қорғаншысының қатысуымен және оның жеке басын куәландыратын құжатты және қорғаншысының өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жасалған геномдық тіркеуден өтуге жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.

81. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалын алуды жүзеге асыратын қызметкер осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сотталғанның немесе хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалына ақпараттық картаны толтырады және оны өзінің қолтаңбасымен растайды. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының ақпараттық картасында, оның биологиялық материалының қаптамасында және (немесе) карта-жеткізгішінде дербес деректері сәйкес келуі тиіс.";

82-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының биологиялық материалына ақпараттық карта мынадай мәліметтерді:";

83, 84, 85 және 86-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Ақпараттық картаға хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының үлгілерін алу бойынша процестік іс-әрекет хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

84. Анықтау, тергеу органдары үш жұмыс күні ішінде сот сараптамасы тағайындалмаған жағдайда хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының ақпараттық картасы бар биологиялық материалын келісімі туралы арызының және

процестік іс-әрекет хаттамасының көшірмелерімен бірге Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне геномдық ақпаратты алу және геномдық тіркеуді жүзеге асыру үшін жолдайды.

85. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының биологиялық материалдары бойынша сот молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындалған жағдайларда, сот сараптамасы органдарында немесе лицензиатқа, Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесіне осы Қағидалардың 109 және 110-тармақтарында белгіленген тәртіппен геномдық ақпарат беріледі.

86. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының биологиялық материалының дұрыстығын, толықтығын және алу сапасын бақылау анықтау, тергеу органдарының басшыларына жүктеледі.";

93-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының генетикалық профилін алуды жүзеге асырады.";

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Егер генетикалық профиль бастапқыда биологиялық материалдың сапасыз алынуы немесе оның деградациясы салдарынан алынбаған жағдайда, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес жасалған Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесінің сұрау салуы бойынша сотталған адамнан немесе хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысынан үлгілерді қайта алу жүргізіледі.";

98-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сотталған адамның, хабар-ошарсыз кеткен азаматтың биологиялық туысының, танылмаған мәйіттің биологиялық материалына әрқайсысына бөлек жеке штрих-код беріледі, ол карта-жеткізгішке және ақпараттық картаға жапсырылады.";

103-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"103. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының, анықталмаған адамдардың және танылмаған мәйіттердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған және зерттеу жүргізілгеннен, генетикалық профильді алғаннан және геномдық ақпаратты "ЖБС" ААЖ дерекқорына енгізгеннен кейін заттай дәлелдеме деп танылған биологиялық материалын Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі геномдық тіркеуге бастамашы болған анықтау, тергеу органдарына Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабының талаптарына сәйкес сақтау үшін қайтарады.";

119-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"119. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарын геномдық тіркеуді жүргізу кезінде алынған геномдық ақпарат хабар-ошарсыз кеткен адамның жүрген жері анықталғанға немесе қылмыс оқиғасының немесе құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін сақталады.";

121-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының хабар-ошарсыз кеткен азаматтарын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды іздестіру;";

122-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"122. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының геномдық ақпараты танылмаған мәйіттер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын анықтау үшін пайдаланылады.";

128-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"хабар-ошарсыз кеткен азаматтың жүрген жерін анықтауға немесе қылмыс оқиғасының немесе құрамының болмауына байланысты қылмыстық істің тоқтатылуын анықтаумен байланысты;";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу және оны бұғаттау, иесіздендіру, беру, иесіздендіруден алу шарттарын бұзушылықтар бойынша тексеру іс-шараларын жүргізу";

132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"132. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты жинау, өңдеу шарттарын бұзғаны туралы дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуден өткен адам немесе оның заңды өкілі, қорғаншысы не уәкілетті мемлекеттік орган өтініш білдірген, сондай-ақ осыған ұқсас факті анықталған кезде Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық бөлімшесі өтінішті алған немесе осындай фактіні анықтаған күні дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты бұғаттайды және тексеру іс-шараларын жүргізеді.

Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты бұғаттау тексеру іс-шараларын жүргізу және бұзушылықтарды жою кезеңінде жүзеге асырылады. Бұғатталған деректерге жүгінген кезде (мысалы, ақпаратты алу мақсатында) "деректер бұғатталған" деген хабарлама шығады.";

мынадай мазмұндағы 135-1, 135-2, 135-3 және 135-4-тармақтармен толықтырылсын:

"135-1. Дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратты иесіздендіру:

1) дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпарат берілген және оны қорғау деңгейі артқан жағдайда ықтимал зиян деңгейін төмендету мақсатында;

2) Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

135-2. Иесіздендіру әдістерінің параметрлерін, сондай-ақ иесіздендіру рәсімдерін және иесіздендіруді алып тастау рәсімдерін қамтитын қызметтік ақпарат құпия болып табылады.

135-3. Иесіздендірілген деректерді сақтау кезінде алынған иесіздендірілген деректерді және оларға қатысты иесіздендірудің таңдалған әдісі және иесіздендіру

рәсімінің қолданылған параметрлері туралы қызметтік ақпаратты бөлек сақтау қамтамасыз етіледі.

135-4. Иесіздендірілген деректермен бірге иесіздендірудің таңдалған әдісі мен иесіздендіру рәсімінің қолданылған параметрлері туралы қызметтік ақпаратты беру кезінде көрсетілген мәліметтерді беру арнасының (тәсілінің) құпиялылығы қамтамасыз етілуі тиіс.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 14, 15, және 16-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымша алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жедел-криминалистикалық департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылықты үйлестіру департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрдің орынбасары *И. Лепеха*

министрдің орынбасары
2025 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 691 бұйрығына 1-қосымша
Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеуді жүргізу
қағидаларына 1-қосымша
Беткі жағы/Лицевая сторона
Уәкілетті мемлекеттік органның
басшысы/ Руководителю
компетентного
государственного органа
_____
(лауазымы, аты-жөні,
тегі/должность,
фамилия и инициалы)
20____ ж./г. "___" _____

ӨТІНІШ/ЗАЯВЛЕНИЕ

Мен, тегі/Я, фамилия |__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|,
аты/имя |__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|__|

_____,
или серия документа, кем выдан, дата выдачи)
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін немесе паспортын алу үшін дактилоскопиялық ақпаратты жинауды сонымен қатар Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін немесе паспортын қайта алу үшін жеке басты верификациялауды жүзеге асыруды сұраймын/прошу осуществить сбор дактилоскопической информации для получения удостоверения личности или паспорта гражданина Республики Казахстан, в том числе верификацию личности для повторного получения удостоверения личности или паспорта гражданина Республики Казахстан.

